

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1992 жылғы 15 мамыр N 779

Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына байланысты және Қазақстан Республикасының атом ғылымы мен техникасы жөніндегі ғылыми-техникалық және өнеркәсіп потенциалын дамыту мен тиімді пайдалану мақсатында қаулы етемін:

1. Радиациялық хауіпсіздік және экология жөнінде, радиоактивті қалдықтарды көдеге жарату және көму проблемаларын зерттеу, ядролық технология мен энергетикасы саласында әзірлемелік жұмыстар жүргізу мақсатында бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны кешені және Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан тиісті ғылыми ұйымдар мен объектілердің негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы құрылсын.

2. Атом қуатын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі өзіне жүктелген функциялар шегінде республиканың барлық министрліктеріне, ведомстволарына, кәсіпорындарына, ұйымдарына және ведомствоның бағыныстырығы мен меншік нысандарына қарамастан экономикалық қатынастың басқа да субъектілеріне міндетті шешім қабылдайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігін құрудың ұйымдық шараларын жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы ережелердің бекітілуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК